

Қазақстан Республикасы инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсау кесері жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2007 жылға арналған жоспары туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 15 мамырдағы N 127-ө
Өкімі

"Мемлекет басшысының 2005 - 2007 жылдардағы Қазақстан халқына жыл сайынғы жолдауларын іске асыру жөніндегі негізгі бағыттардың (іс-шаралардың) жалпыұлттық жоспарын және Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 - 2009 жылдарға арналған бағдарламасын орындау жөніндегі іс-шаралар жоспары туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2007 жылғы 20 сәуірдегі N 319 қаулысын орындау үшін:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсаукесері жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2007 жылға арналған жоспары (бұдан әрі - Жоспар) бекітілсін.

2. Орталық атқарушы органдар, өзге де мемлекеттік органдар мен мүдделі ұйымдар:

1) Жоспарға сәйкес тиімді ақпараттық жұмысты;

2) жарты жылда бір рет, есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 5-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне өткізілген іс-шаралардың нәтижелері жөнінде ақпарат беруді қамтамасыз етсін.

3) Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі жарты жылда бір рет есепті жарты жылдықтан кейінгі айдың 15-күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасының Үкіметіне Жоспардың іске асырылуы туралы жиынтық ақпарат б е р с і н ;

4) Жоспарда көзделген іс-шараларды іске асыру жөніндегі жұмыстарды үйлестіру Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігіне жүктелсін.

Премьер-Министр

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
2007 жылғы 15 мамырдағы
N 127-ө өкімімен

бекітілген

Қазақстан Республикасы инвестициялық мүмкіндіктерінің тұсаукесері жөніндегі ақпараттық жұмыстың 2007 жылға арналған жоспары

Р/с N	Іс-шара	Өткізу орны*	Өткізу мерзімі	Орындауға жауапты- лар	Қаржы- ландыру көздері
----------	---------	-----------------	-------------------	------------------------------	------------------------------

1	2	3	4	5	6
Қазақстан Республикасынан тыс жердегі іс-шаралар					
1.	Қазақстандық Экономикалық форум (Kazakhstan Growth Forum)	Лондон қаласы, Ұлыбритания және Солтүстік Ирландия Құрама Корольдігі	Маусым	СІМ, ИСМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Атамекен" ҚКЖЖО	"Адам Смит" конференциясы мен "I B C Global" компаниясы
2.	"Қазақстанның инвестициялық мүмкіндіктері" бизнес-форумы	Нью-Йорк қаласы, Америка Құрама Штаттары	Маусым	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Атамекен" ҚКЖЖО	ИСМ
3.	Солтүстік Еуропа елдері іскер топтарының қатысуымен "Қазақстан Республикасының инвестициялық мүмкіндіктері" бизнес-форумы	Амстердам қаласы, Нидерланд Корольдігі	Екінші жарты жылдық	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Атамекен" ҚКЖЖО	ИСМ
Қазақстан Республикасындағы іс-шаралар					
4.	"Жолдардың қиылысында (Азия мен Еуропа арасында): Орталық Азияның мүмкіндіктерін пайдалану" Азия-Тынық мұхит бизнес-форумы, 2007/ ОАЭАБ Экономикалық форумы	Алматы қаласы	2007 жылғы 18 - 19 мамыр	ИСМ, СІМ, мүдделі мемлекеттік органдар, "Қазына" ОДҚ" АҚ, "Атамекен" ҚКЖЖО	СІМ
5.	Қазақстан-герман кәсіпкерлері қауымдастығының жәрдемдесуімен қазақстан мен	Астана қаласы	Екінші жарты жылдық	ИСМ, Астана қаласының	ИСМ

	герман іскер топтарының қатысуымен бизнес-форум			әкімдігі, ҚГКҚ	
6.	III өңірлік инвестициялық форум	Өскемен қаласы	Екінші жарты жылдық	ИСМ, Шығыс Қазақстан облысының әкімдігі	Шығыс Қазақстан облысының бюджеті
7.	"Павлодар облысының инвестициялық мүмкіндіктері" өңірлік форумы	Павлодар қаласы	Екінші жарты жылдық	ИСМ, Павлодар облысының әкімдігі	Павлодар облысының бюджеті

Е с к е р т п е

* Инвестициялық іс-шаралар Мемлекет және Үкімет басшыларының шетелге сапары шеңберінде, ел басшылығының Қазақстан өңірлері бойынша сапары кезінде, сондай-ақ шетел мемлекеттері басшыларының 2007 жылдың ішінде Қазақстанға сапары барысында өткізілуі мүмкін. Көрсетілген іс-шараларды өткізу мерзімі мен орны болжамды болып табылады, қазақстандық тараптың шетелдік ұйымдастырушылармен уағдаластығына байланысты өзгертілуі мүмкін.

Аббревиатуралардың толық жазылуы

СІМ - Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі
 ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі
 "Қазына ОДҚ" АҚ -»"Қазына" орнықты даму қоры" акционерлік қоғамы
 "Атамекен" ҚКЖЖО -»"Атамекен" Қазақстан кәсіпкерлері мен жұмыс берушілерінің жалпы ұлттық одағы
 ҚГКҚ - Қазақстан-герман кәсіпкерлерінің қауымдастығы